

## Түсіндірме хат

Мектептің оқу жұмыс жоспары білім беру ұйымының жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық база негізінде әзірленген.

2024-2025 оқу жылында білім беру үдерісін ұйымдастыру кезінде білім беру ұйымдары:

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №48 бұйрығы, 23.09.2022ж. №406 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен) «Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 8.11.2012 ж. № 500 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 12.08.2022ж. №27; 30.09.2022ж. №323 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен.

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы 21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен.

«Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.10.2021ж. №726 Қаулысы

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен.

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы, ҚР Оқуағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқуағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен)



1-сыныпта–1сағат «Қызықты математика» үйірмесіне берілді.  
4-сыныпта–1сағат «Қызықты математика» үйірмесіне берілді.  
1-4сыныптарда оқу жоспарының вариативті компонентінің сағаттарын белсенді-

қозғалмалы сипаттағы жеке және топтық сабақтарға берілді.

5-8 сыныптар (жалпы білім беретін сыныптар):

Оқу жоспарлары мыналарды көздейді:

Инвариантты компонент есебінен негізгі мектептің базалық компонентін толық сақтау іске асырылады;

Вариативті компоненттің есебінен:

- 5,6- сыныптарында "Жаһандық құзыреттілік " курсына 0,5 сағат берілді.

-7-8-сыныпта "Жаһандық құзыреттілік" курсына 0,5 сағат берілді

Мектепте білім беру процесі 5 күндік оқу аптасы бойынша жүзеге асырылады.

Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда– 33 оқу аптасын, 2-9сыныптарда – 34 оқу аптасын құрайды.